

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 32 (943) 21 шілде, 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Айдарбек Сапаров коммуналдық кәсіпорындардың басшыларымен жедел кеңес өткізді. Бұл кездесуге түрткі болған – Петропавл қаласы тұрғындарының коммуналдық қызметтің сапасына қатысты айтқан шағымдары. Әсіресе су құбырлары, электр және жылу желілерін жөндегеннен кейін жолдар қалпына келтірілмей, тұрғындарға қолайсыздық тудырып отыр. Өңір басшысы мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайтынын, бұдан былай құрылыс жұмыстарын жүргізген компания он күннің ішінде жөндеу орындарын қалпына келтіретінін қадап айтты. Сонымен қатар коммуналдық кәсіпорындардың басшыларын өз үшкелерін жөндеуге үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырды. Кеңесте облыс әкімі жол және коммуналдық қызметтердің іс-әрекеттерін өзара үйлестіру мәселесіне тоқталды. Бүгінде Петропавл көшелеріне асфальт төселіп жатыр, биыл барлығы 30-дан астам үшкелем жөндеу жұмыстары жоспарланған. Тиісінше коммуналдық мекемелер асфальт төселмес бұрын өздерінің жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізсе игі. Облыс әкімі бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттігін айтты. Коммуналдық қызмет пен жол жөндеушілер бірлесіп, жұмыстарын жүйелі түрде атқаруға тиіс. Айтылған мәселелерді бақылауда ұстау Петропавл қаласының әкімі Серік Мұхамедиевке тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ӨҢІРДІҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ

“Қазақстанның үздік тауары” көрме-байқауы биыл тоғызыншы рет өткізілуде. Бұл жолы солтүстікқазақстандық кәсіпкерлер азық-түлік, жиһаз, киім-кешек, ыдыс-аяқ, кәдесыйлар, сондай-ақ химиялық және құрылыс саласына қажетті тауарларды ұсынды. Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Бекеевтің айтуынша, көрме-байқауға солтүстікқазақстандық 27 тауар өндіріші қатысты. Солардың ішінен әр түрлі аталымдар бойынша тоғыз жеңімпаз анықталды. Бұл – жыл сайын әр өңірде өткізілетін республикалық ауқымдағы іс-шара. Оның жеңімпаздары өздерінің сапалы да қауіпсіз тауар өндіріп отырғандарын республика аумағында дәлелдеуге мүмкіндік алады.

Көрмеде “Қазмясoproдyкт” ЖШС-ның тауарларын сатып алушылар қалың болды. Оның пісірілген, жартылай ысталған, қақталған шұжықтарының дәмі жергілікті жұртқа жақсы таныс. Кәсіпорын бұл кәсіппен 2005 жылдан бері айналысып келеді. Тұтынушылардың талабын ескеріп, халал өнімдер шығаратын өндірісті іске қосу үшін жаңа құрал-жабдықтар сатып алып, жеке ғимарат салды. Жаңа цех былтыр іске қосылды. Қызметкерлер халал өнімдер өндіру бойынша арнайы оқытудан өтіп, тиісті сертификаттар алған.

– Біз күніне орта есеппен бес тонна ет және шұжық өнімдерін өндіреміз. Жүзден астам тауар түрі болса, соның 20-дан астамы – халал. Бізде өндірілетін шұжықтар мен ет деликатестері басқа өңірлерде де сұранысқа ие. Астанада да фирмалық дүкендер желісін ашып қойдық. Мақсатымыз – елдің барлық өңірлерін қамту, – дейді “Қазмясoproдyкт” ЖШС-ның технология Юлиа Гончарова.

Көрмеге өңірдің танымал кәсіпорындарымен қатар тауар өндіру саласына енді қосылған шаруашылықтар да қатысты. Мәселен, “ПТФ Жаңа құс” ЖШС былтыр қараша айында ғана ашылған болатын. Осы аз уақыттың ішінде компания өзінің тұтынушыларына тауып, көпшіліктің ілтипатына бөленіп үлгерген. Бұл жолғы байқауға қатысу арқылы серіктестік өзінің бәсекелестікке дайын екендігін жария етіп отыр.

– Құс фабрикасы Новокаменка ауылында орналасқан. Құс етін қолжетімді бағаммен сатамыз. Мысалы, бізде тауық еті 900 теңге болса, басқаларда 1 мың теңгеден жоғары. Біздің өнімдердің бағасы бәсекелестердің тауарынан 100-200 теңгеге төмен. Сапасы жағынан тұтынушылардан жақсы пікірлер естіп жатырмыз, – дейді “ПТФ Жаңа құс” ЖШС-ның сату жөніндегі менеджері Татьяна Пенкина. Көрмеге келушілер өңірде өндірілетін өнімдермен танысып қана қоймай, жергілікті кәсіпкерлерді қолдау үшін өздеріне ұнаған тауарларды сатып алды. Көрме-байқауды қорытындылау барысында аталымдар бойынша жеңімпаздар анықталды. “Үздік азық-түлік тауарлары” аталымында “Қазмясoproдyкт”, “Молсервис” және “Экомол Сергеевка” жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өнімдері үздік танылды. “Халыққа арналған үздік тауарлар” аталымы бойынша жеңімпаздар шығаратын “Радуга”, мектеп жиһаздарын жасайтын “Регион-715”, отын-көмір өндіретін “АБД-Орманы” ЖШС жеңімпаз атанды. Полипропилен қапшықтар жасайтын “Smbgroup family”, электротехникалық өнімдерді өндіретін “Петропавл электротехникалық зауыты” және электр оқшаулау материалдарымен танымал “ИЗОЛИТ” кәсіпорындарының өнімдері “Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар” аталымында үздік деп танылды. Ал “Бір ауыл – бір өнім” жобасы бойынша 15 ауыл кәсіпкері өздерінің жұмыстарын көрсетіп, бизнес-жобаларымен таныстырды. Олардың ішінен таңдалып алынған 10 жобаны өңірлік бренд-комитет іріктейді.

Сағынғұл ІРГЕБАЕВА, блыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы.

АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ – КЕЛЕШЕКТІ ОЙЛАУ

Облыс әкімі Айдарбек Сапаров жұмыс сапарымен Тайынша ауданына барды. Ол осы аудандағы Красная Поляна ауылының тұрғындарымен кездесіп, бірқатар нысандарды аралады.

Өңір басшысымен кездескен елді мекен тұрғындары ауылдағы бірқатар мәселелерді көтерді. Ең алдымен, жиылған жұртшылық “Краснодольск – Южное” бағытындағы жолдың жағдайына алаңдаушылық танытты. Сол сияқты ауыз-сумен қамтамасыз ету жайы, ауылдан қатынайтын автобустың жоқтығы айтылды. Тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдаған өңір басшысы айтылған сөз жерде қалмайтын жеткізді.

– Жол мәселесі, ауызсумен қамту және көлік қатынасының болмауы – халықтың ауылдан көшуінің негізгі себебі. Красная Поляна ауылдық округі назардан тыс қалмайды. Мен уәде еткендей, біз барлық сұрақтарды шешеміз. Яғни Мәдениет үйі мен мектеп жөнделеді, – деді Айдарбек Сейпілұлы.

Аталған ауданда медициналық қызметтің сапасын арттыру үшін емдеу мекемелері жаңғыртылған. Тұрғындардың тілегі орындалып, ауылдағы медициналық пункттің қасынан дәріхана ашылды.

Ауылда 1200-ден астам тұрғын бар. Елді мекендегі еңбек ететіндердің 40 пайызы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Ауыл тұрғыны Юрий Красноголовый да – өз кәсібін дөңгелетіп отырғандардың бірі. Бүгінде ол басшылық ететін “Зеленые луга” серіктестігінде 350 асыл тұқымды ірі қара бар. Голштино-фриз тұқымды сиырлардың әрқайсысы тәулігіне 28 литрге дейін сүт береді екен.

Бұл – облыс әкіміне Красная Поляна ауылының тұрғындарынан келіп түскен шағымдардың бірі. “Жол мәселесі, сумен жабдықтау және көлік қатынасының болмауы – халықтың ауылдан көшуінің негізгі себебі”, – дейді Айдарбек Сапаров. Аймақ басшысы осы мәселелерді шешумен шұғыл айналысуды, атап айтқанда, елді мекеннен автобусты іске қосуды тапсырды. Келесі жылы мектеп пен мәдениет үйі жөнделеді. Бірақ, ауылға су жақын арада жетуі тиіс.

АЙДАРБЕК САПАРОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

– Красная Поляна ауылдық округі назардан тыс қалмайды. Мен уәде еткендей, біз барлық сұрақтарды шешеміз. Яғни, бұл – мәдениет үйі мен мектеп. Менің ойымша, жол мәселесін де жоспарлы түрде шешеміз.

Елді мекен тұрғындарын дәріхананың жоқтығы алаңдатқан еді. Енді бұл мәселе шешіліп, медициналық пункттің ішінен дәріхана ашылды. Бұдан бөлек, Тайынша орталық аудандық аурухана бүгінде көпсалалы ауданаралық ауруханаға ауыстырылуда.

ҚҰМАР КҮСЕМІСОВ, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

– Кардиохирургиялық бөлімше, нейрохирургиялық бөлімше, травматология ашылады. Мұнда жоғары мамандандырылған медициналық қызметтер, яғни кардиохирургиялық, нейрохирургиялық операциялар көрсетілетін болады.

Облыс әкімі тұрғындар арасында өз ісін ашып, оны дамытуға мүмкіндік беретін мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпараттандыру жұмысын күшейтуді тапсырды. Кейін облыс әкімі құрылыс алаңында тұрғындармен кездесті. Бұл баспаны жергілікті кәсіпкер өз жұмысшыларына салып жатыр. Юрий Красноголовый өзінің туған жері Красная Поляна ауылына барлық жағынан қолдау көрсетеді. Мәселен, мұндай жаңа үйлер бірнеше жылдан бері алғаш рет салынып жатыр.

ЮРИЙ КРАСНОГОЛОВЫЙ, “Зеленые луга” ЖШС директоры, “Таң” ШҚ директоры, Тайынша ауданы:

– Биыл іргетасын қалаймыз, күзге дейін қабырғалары мен шатырын қоюға болады. Ал келесі жылы ішкі және сыртқы әрлеумен айналысамыз. Үй сумен қамтамасыз етіледі. Ішінде пеш, жуынатын бөлме, сонымен қатар, әр үйде гараж болады. Тұрғындарға отын, көмір және шағын шаруашылық сақтауға болатын жапсыра салынған ғимарат салуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан кейін облыс әкімі кәсіпкердің тауарлы-сүт фермасына барды. Онда 350 голштино-фриз тұқымы бар. Олар күн сайын 7 жарым мың тонна сүт береді. Көп ұзамай өндіріс көлемі артуы тиіс. Өйткені, кәсіпорынды кеңейту жоспарда бар. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермек. Айта кетейік, “Зеленые луга” ЖШС-де 70 адам жұмыс істейді.

ЮРИЙ КРАСНОГОЛОВЫЙ, “Зеленые луга” ЖШС, “Таң” ШҚ директоры, Тайынша ауданы:

– Қазіргі уақытта 280 бас сауылады. Орташа тәуліктік сүт мөлшері – 28 литр, одан да көп болды. Жоспарда тағы 350 бас ферманы іске қосу. Онда тағы 15 жұмыс орны ашылады. Барлық механизатор, жүргізушілер кеңейтілетінін ескере отырып жиналды. Адамдар бар, жалғыз сұрақ жемшөпке қатысты болып тұр. Жоғарыда айтқандай, ол шешілуі тиіс.

Кәсіпкер мал шаруашылығымен қатар өсімдік шаруашылығымен де айналысады. Картопты тамшылатып суару арқы-

Сонда күн сайын 7,5 мың тонна сүт сауылады. Кәсіпкер алдағы уақытта тағы 350 басқа арналған ферманы іске қоспақ. Осылайша еңбек етіп жатқан 70 адамға қосымша тағы 15 тұрғын жұмыспен қамтылады.

Облыс әкімі “Зеленые луга” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, “Таң” шаруа қожалығының алқаптарына барды. Өткен жылы 30 гектарда тамшылатып суару жүйесін пайдаланып, картоптан мол өнім жинаған шаруашылық биыл алқап аумағын 100 гектарға дейін ұлғайтыпты.

– Біз Голландиядан 19 тонна 10 сұрып элиталық тұқым әкелдік. Қазір бұл тұқымдарды егіп, тәжірибе жүргізіп жатырмыз. Тамшылатып суару жүйесі өз артықшылығын көрсетуде. Мұндай технология арқылы қазіргідей ауа райында да гектарынан 40-50 тонна өнім алуға болады, – деді Юрий Красноголовый.

Алқап басында жергілікті шаруалармен кездескен өңір басшысы оларға халық тұтынатын қарақұмық, сәбіз, картоп және қырыққабат өсіру баға тұрақтылығына оң әсер ететінін айтты. Биыл өңірде көкөніс егілген алқап көлемі 6,2 мың гектарға жеткен.

Кәсіпкер Юрий Красноголовый ауылылық мәселелерді шешуге де үлес қосып жүр. Ол Красная Поляна ауылында тұрғын үй құрылысын бастаған. Биыл қабырғасы көтерілетін баспананың ішкі жұмыстары келесі жылы аяқталмақ. Тұрғындар игілігі үшін жаңа үйлерге сү тартып, шаруашылық ғимарат салу жоспарланған.

Ақнұр ҚАЙЫРБЕК.

лы өсірілетін алқапқа облыс әкімі де барды. Жұмыс сапарында жергілікті фермерлермен кездесіп, өзекті мәселелерді талқылады. Айдарбек Сапаров ауыл шаруашылығын әртараптандырудың маңыздылығын атап өтті.

АЙДАРБЕК САПАРОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

– Өндіріс жеткілікті болса, баға да қалыпты болады. Сол себепті, кәсіпкерлер қарақұмық, сәбіз және қырыққабат сияқты көкөніс өсірумен айналысулары керек. Бізде су қоймасы бар, жақын жерде өзен бар, ал адамдар тек астықпен айналысады. Сол жерден суды тартып, тамшылатып суарумен айналысу керек немесе жаңбыр жауғызатын қондырғыларды орнатуға болады. Әртараптандырумен айналысу керек.

Айта кету керек, биылғы жылы ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету үшін қарақұмық 3 есе, картоп, қырыққабат және сәбіз 2 есе көп отырғызылған. Жапсымық, күнбағыс және қышаның егістік алқаптары ұлғайтылып отыр. “Мұның бәрі тауар бағасына оң әсер етеді”, – дейді ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Мейрам Меңдібаев.

МЕЙРАМ МЕҢДІБАЕВ, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы:

– Ағымдағы жылы егіс алқабының құрылымы 4,5 млн гектарды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 90 мың гектарға көп. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 3,2 млн гектар, майлы дақылдар – 960 мың гектар, 353 мың гектар – жемшөп, картоп – 34 мың, көкөністер – 6,2 мың гектар.

Өткен жылы “Таң” ШҚ тамшылатып суаруды қолдана отырып картоп өсірген. 30 гектардан бастап, жақсы нәтиже көрсеткен. Енді бұл жүйе 100 гектар аумақта қолданылып отыр.

ЮРИЙ КРАСНОГОЛОВЫЙ, “Зеленые луга” ЖШС, “Таң” ШҚ директоры, Тайынша ауданы:

– Бізге Голландиядан 10 сорт 19 тонна элиталық тұқымдар әкелінді. Міне, біз оны салдық, сортты сынау бойынша тәжірибе жүргізіп жатырмыз. Біз гектарына 28-30 тоннаға дейін алдық. Тамшылатып суару кезінде 40-тан 50 тоннаға дейін, тіпті осындай ауа райы жағдайында да алуға болады. Біз тек өсімдік және мал шаруашылығымен айналысып қана қоймай, ауылдың белгілі бір деңгейге сәйкес келуін, біздің ұжым жақсы жалақы алып қана қоймай, тиісті жағдайда өмір сүруін қалаймыз.

Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжанов “Бұл кәсіпкер өте адал және одан үлгі алу керек”, – дейді. “Серіктестікте және ШҚ-да өз бизнесін жүргізіп қана қоймай, халық алдында әлеуметтік жауапкершілікті де көрсетуі тиіс, өйткені бірлескен жұмыс кезінде ғана халықтың өмір сүру сапасын арттыруға болады”, – деді аудан әкімі.

БЕРІК ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі:

– Жастарды ауылда ұстау, жаңа жұмыс орындарын құру, бұл біздің фермерлердің қолында. Сондықтан жолдарды, әлеуметтік мәдениет нысандарын, сумен жабдықтауды, балалар алаңдарын жөндеуге назар аудару қажет. Мұның бәрі ауылды дамытуға мүмкіндік береді. Ауылда үй салу да маңызды фактор. Красная Поляна ауылында барлығы 1254 адам тұрады. Шамамен 40% өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Сұхбатты дайындаған: Гүлден Симбаева.

КӨМІР ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Тайынша ауданының тұрғындары жыл сайын қайталанатын көмір тапшылығына шағымданды. Өткен қыста да қара отыннан қағылған тұрғындар, бұл жағдай биыл да қайталана ма деп алаңдаулы. Тұрғындардың айтуынша, былтыр ауданға көмір тиеген вагондар келгенімен, сатып алуға мүмкін болмапты.

Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжановтың айтуы бойынша аудан тұрғындары көмірмен қамтамасыз етіліп жатыр, көмірді жеткізу және сату маусымы мамыр айынан басталыпты. Ауданда бұл қызметті “Стандарт” жеке кәсіпкерлігі, “Тамыз”, “ТЭК Альянс жолы” және “Север Энерго көмір Снаб” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сынды төрт кәсіпорын көрсетеді. – Қазіргі уақытта әкімдік аталған кәсіпорындармен бірлесіп тұйықтарға көмір салынған вагондарды жеткізу бойынша мониторинг жүргізуде. Вагондарды жеткізу кестесі жасалады, оған сәйкес қандай кәсіпорындарда кідіріс бар екені анықталады. Егер көмір жеткізу қарқыны бәсеңдесе, мәселені шешу үшін дереу хат жолдаймыз. Ауылдық округ әкімдерімен бірлесе отырып, жергілікті ауыл шаруашылығы құрылымдарының күшімен елді мекендердегі халықтың әлеуметтік осал топтарына және өздерінің жұмысшыларына көмір жеткізу мәселесі пысықталуда. Олар мүмкіндігінше көмірді әкеліп, халыққа береді. Бұл күзгі толқуды азайтады, – деді Берік Әлжанов. Көмірді жеткізумен жеке тұлғалар айналысады. Көлік тапшылығы да жоқ. Тайынша ауданында көмірге жалпы қажеттілік 60,3 мың тонна құрайды. Оның ішінде халыққа керекті – 40,6 мың тонна. Аудан тұрғындары әзірге 5,2 мың тонна дайындады. Көмір тұйықтарында 7 мың тонна бар. Берік Әлжановтың айтуынша, көмір вагондары үнемі келіп тұрады. Ең көп таралған көмір түрлерінің бағасы 15-16,9 мың теңгені құрайды.

Рабиға ЕРАЛЫ, “Soltüstik Qazaqstan”.

* * *

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР

Шілде айынан бастап жәрдемақылардың және әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерінің көлемі өсті. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті баспасөз мәслихатында осы тақырып әңгіме өзегіне айналды.

Еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан зейнеткерлер зейнетақы жинақтарының 100 пайызына дейін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге пайдалана алады. Зейнеткерлердің мұндай санатына әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шеңдерге ие болғандар жатады. Қалған зейнеткерлер зейнетақы төлемдерінің мөлшері 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі табысты алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, зейнетақы жинақтарының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы қайтыс болған жағдайда жерлеуге арналған біржолғы төлем мөлшері – 35 АЕК немесе 120750 теңгеге ұлғайтылды. 1975 жылдың 1 қаңтарынан кейін туғандар үшін міндетті зейнетақы жарналары жұмыс беруші төлейді. Ол төлем 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2028 жылы 5 пайызға жеткенге дейін жыл сайын 1 пайыз өсімді құрап отырады. Баспасөз мәслихатында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы да айтылды. Бұл жүйе еңбекке қабілеттіліктен, асыраушысынан, жұмысынан, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларында әлеуметтік тәуекелдердің алты түрі бойынша сақтандыруды көздейді. Осы мақсатпен жұмыс берушілер өз қызметкерлері үшін қорға ай сайын 3,5 пайыз мөлшерінде әлеуметтік аударымдар жасайды. Қазіргі уақытта жүйемен 6,8 миллионнан аса адам қамтылған. 2022 жылы шамамен 1,2 млн. адам әлеуметтік төлемдер алды. Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыстық департаменті басшысының орынбасары Гүлбақыт Манабаеваның айтуынша, әлеуметтік төлемдердің мөлшері жүйеге қатысушының әлеуметтік аударымдар жүргізілген табысына және жүйеге қатысу өтіліне байланысты болады. Спикер биыл 1 шілдеден бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына байланысты тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшері 14,5 пайызға артқанын жеткізді. Осы төлемдердің сомасы үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап 8,5 пайызға өскенін ескерсек, жылдық өсім 23 пайызға жетті. Біздің облыста еңбекке қабілеттілігінен айырылған 2277 адамға, сонымен қатар асыраушысынан айырылған 1476 жанға әлеуметтік төлем төленеді. Әлеуметтік кодексте “Алтын алқа” алқасымен немесе “Батыр Ана” атағын алған, I және II дәрежелі “Ана даңқы” ордендерімен наградталған әйелдерге төленетін жәрдемақы мөлшерін саралау көзделген. Егер бұған дейін 6, 7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналар бірдей мөлшерде жәрдемақы алатын. Оның көлемі 6,4 АЕК немесе 22080 теңге болатын. Енді 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап жеті және одан да көп баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеген аналарға арналған жәрдемақы мөлшері 7,4 айлық есептік көрсеткішке дейін артты, яғни ол 25530 теңгені құрайды.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыстық Департаментінің мәліметтері бойынша баспасөз қызметі.

ӨСІМДІКТІ ҚОРҒАУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне қарасты “Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының” жергілікті филиалы облыс бойынша таралатын аса қауіпті зиянкестер мен карантиндік объектілерді анықтаумен және олар жөнінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді дер кезінде хабардар етумен айналысады. Дабыл қағарлық жағдай туа қалса, техникалық регламентке сәйкес фитосанитариялық шаралар мен химиялық өңдеулерді талапқа сай әрі жедел түрде атқарып, өсімдік зиянкестерінің таралуын болдырмау басты міндетіміз болып табылады. Қостанай облысында шегірткенің егіс алқабына шабуылы туралы хабар түсісімен сақтандыру және алдын алу жұмыстары шұғыл түрде пысықталып, аудан аумақтарына бүрку техникалары орналастырылып, арнайы препараттармен қамтамасыз етілді. Таралу қаупі пайда болса, арнайы техникалар іске қосылып, химиялық өңдеулерге дайын болу қажеттігі ескертілді. Сөз арасында табын шегірткенің таралуы циклдық сипатқа ие және табиғи-климаттық ахуалға байланысты екенін айта кеткен жөн. Ғалымдардың болжауынша, аптап ыстықтың басталуымен шамамен 5-10 жыл жиілікпен шегірткелердің жаппай ұя салуы басталады.

Өңір басшысы Айдарбек Сапаровтың төрағалығымен өткен әкімдік отырысында Қостанай облысындағы жағдай солтүстікқазақстандық диқандар қауымы арасында да үлкен алаңдаушылық туғызып отырғаны атап көрсетіліп, егінге залал келтірмеу үшін барлық шараларды қабылдау міндеттелді. Бүгінгі таңда өсімдік зиянкестеріне қарсы күрестегі жедел және үйлесімді іс-қимылдардың, жан-жақты атқарылған фитосанитариялық тексерулердің арқасында ауыл шаруашылығы дақылдарының зақымдануының алдын алдық. 5 млн. 129 мың гектар жерге аса қауіпті зиянды организмдер және 260,6 мың гектарға карантиндік объектілер бойынша мониторинг жүргізілді. Былтыр Уәлиханов ауданында итальяндық прус шегірткенің таралуы байқалып, 930 гектар алқап залалсыздандырылған болатын. Егістік алқаптарды химиялық және күзде топырақты тереңдетіп өңдеу шараларын атқарудың нәтижесінде биыл өсімдік зиянкестері пайда болған жоқ. Тимирязев және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық бөлімшелерінің мамандары Қостанай облысының Қарасу және Сарыкөл аудандарымен бірлесіп зерттеу жүргізіп, шекаралық аумақтар қатаң қадағалауға алынды. Аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі штаб құрылып, 3180 субъект профилактикалық бақылаумен қамтылып, ұсыныс хаттар жолданды. Мамандар жәндіктерден азиялық шегіртке мен итальяндық прустың көбеюі жиі болатынын алға тартып отыр. Мәселен, 2000 жылы итальяндық прустың таралуы ең биік шыңына жетіп, 760 мың гектар химиялық алқап өңделген. Ал 2017-2019 жылдар аралығында зияндылығы байқалмағандықтан, химиялық өңдеу жүргізілмеген. Дегенмен де, күрт өршіп кетсе, егін алқаптарына орасан шығын келтіруі мүмкін. Сондықтан бірінші кезекте агроқұрылымдарда химиялық өңдеу жүргізу үшін пестицидтер қоры және бүрку техникалары жеткілікті болуы шарт. Бұдан бөлек, шегірткелердің “қоныстану” аймағын күні бүгінге дейін анықтаудың да маңызы зор. Облыс әкімінің орынбасары Сәтжан Абладиевтың жетекшілігімен өткен аса қауіпті өсімдік зиянкестерімен күрес жөніндегі іс-қимылды үйлестіру жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысында 1530 бүрку техникасы, 749,4 мың гектар жерге препарат қоры жеткілікті екені айтылып, мынандай міндеттер жүктелді: атап айтқанда, АӨК субъектілерімен бірлескен жұмысты күшейту, химиялық дәрі-дәрмектермен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету. Көшпелі комиссиялық жиындар барысында тұрғындарға түрлі зиянкестерге қарсы күрес жөнінен ақыл-кеңестер мен пайдалы ұсыныстар берілді. Большая Малышка, Соколовка, Вагулино, Долматово, Петерфельд, Кривозерка

елді мекендерінде жер телімдері бар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері шабындық көбелегіне қарсы химиялық өңдеу жүргізді. Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Бәйтерек, Аққайың, Конюхов, Булаев, Полудин, Лебяжье, Қарақоға ауылдық округтерінде шабындық көбелегі пайда бола тиісті шаралар қабылданды.

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесіне тышқан тәрізді кеміргіштер, табын шегірткесі (итальяндық прус), сұр астық құрты, гессен шыбыны, колорадо қоңызы, қырыққабат көбелегі, шабындық көбелегі, септориоз және дәнді дақылдардың қоңыр таты жатады. Жоспарлы түрде жүргізілген әрекеттердің барысында шегірткелер жаппай жұмыртқа салып, егінге нұқсан келтірді деген дерек тіркелген жоқ. Дегенмен “сақтықта қорлық жоқ” демекші, жағдайды бақылауда ұстауға тиіспіз.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Қостанай облысына барған жұмыс сапары кезінде табын шегірткенің азиялық, марокколық және итальяндық қызыл шегіртке деп үшке бөлінетінін, шегіртке Қостанай мен Ақтөбе облыстарында жиі кездесетінін айтты. Олардың ішінде үлкен қатер төндіретіні – қазақтың жалпақ тілмен айтқанда көкқасқа шегіртке. Олар көбейіп, табынға айналғанда тұрақты мекенінен алысқа ұшып, егіннің дәндерімен қоректенеді. Бір аналығынан тарайтын дернәсілдер даму мерзімінде 300 келіден астам балауса өсімдікті жеп қоятынын ескерсек, өте мешкейлігін, тойымсыздығын аңғаруға болады. Осы себепті әлем елдерінде көк-қасқа шегірткеге қарсы арнайы станциялар жұмыс істейді.

Облыс аумағында табын шегірткелерінен итальяндық прустың таралуы Уәлиханов ауданында ғана кездесті, мониторингтік және жүйелі зерттеулер кезінде басқа аудандарда ұшырасқан жоқ. Тимирязев ауданында (Хмельницкий, Ленин, Целинный, Комсомол) 3000 гектар егістік алаңы зерттеліп, табын шегірткелері байқалмады. Ғабит Мүсірепов атындағы атындағы аудан (Неженский, Дружбинский, Ломоносовский, Червоный) Қостанай облысының Қарасу және Сарыкөл аудандарымен шектесетіндіктен, бұл аймақ ерекше бақылауда тұр. Италияндық прустың жаппай таралуы Қостанай облысының 4 ауданын қамтып отыр. Өсімдік зиянкестері бидай, күнбағыс, арамшөптер мен егістіктерден де ұшырасады. Жапырақ бетінің зақымдануы орташа деп танылса, бірден химиялық тазарту жүргізіледі. Мұндай шаралар Андреев, Белое ауылдық округтерінде атқарылды. Осы округ учаскелерінде бидай кенесі, қырыққабат көбелегі, сарықанат жібек көбелегі табылды. Септориоз бен жатаған үкекіре Ақжар, Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда тіркелді. Осы себепті Айдарбек Сейпілұлы мәселенің асқынуды салдарынан астық экспортына шектеу енгізілуі ықтималдылығын ескертіп, қорғану жұмыстарын жеделдетуді тапсырған болатын. Шабындық көбелегінің бірінші буын құрттарының өсуі мен дамуы жалғасып, дақылдарға зиянды белсенділігі еселеп артады. Мағжан Жұмабаев, Қызылжар аудандарының жеке секторларында бір буынды шалғын көбелек құрттарының жаппай өскені байқалған. Зығыр трипсіне тексеру 18,1 мың гектар жерге жүргізіліп, 15,6 мың гектарында кезіккен. Трипстер дәнді дақылдарға өте құмар келеді. Бидай кенесі Тимирязев, Жамбыл, Айыртау аудандарында өсімдік түрлерінің 4 пайызын зақымдаған. Майлы дақылдардың негізгі зиянкестерінің бірі – қырыққабат көбелегі мен зығыр трипсі. Қызылжар ауданында орналасқан бидай дақылдарында септориоз байқалды. Айыртау, Есіл, Мамлют, Тайынша, Тимирязев аудандарында да ұшырасты. 4 ауданда қызғылт қышаның жаңа ошақтары табылды. Олар – Уәлиханов, Мамлют, Тимирязев, Ақжар аудандары. Жалпы ауданы – 3,1 гектар.

Жаздың алғашқы айларында бірқатар жерлерде ылғал жетіспегендіктен, топырақ құрғап, егіннің қалыпты өсуін біршама тежеді. Кейін жауын-шашынның көп түсуі арам-шөптің қаулау өсуін жеделдетті. Тұтастай алғанда, агротехникалық шаралардың уақтылы және кешенді түрде атқарылуы нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдарының 60 пайызға жуығы жақсы, қалған 40 пайызы қанағаттанарлық қалыпта өсіп жатыр.

Қабиден СӘДУАҚАСОВ,

“Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы” облыстық филиалының директоры.

ЖІГІТТІҢ ДЕ, ЖЫЛҚЫНЫҢ ДА МЫҚТЫЛЫҒЫ СЫНАЛАР ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – КӨКПАР



Халықты дәстүрлі ойын мен ұлттық спортқа қызықтыру, жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында өткен аптаның жексенбісінде Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданының Чкалов елді мекенінде қазақтың ұлттық ойыны көкпардан жарыс өтті. «Махмет Қажы» атындағы мешіттің имамы – Арман Егінбайұлын қолдап, ауылдың белсенді азаматтары көкпар өткізу туралы іс-шараны іліп әкетіп, ұйымдастырып жіберген.

Бұл жаппай көкпар өткен Құрбан айт мерекесіне орай арнайы ұйымдастырылып отыр.

Қазақ халқының қанына сіңген көкпар ойынының ашылу салтанатында Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжанов, ҚМДБ СҚО өкіл имамы Хамзат Қажымұратұлы, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, «Қазақ тілі мен мәдениеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ұлттық спорт мектебінің бұрынғы директоры Марат Қойшин сөз сөйлеп, ұлттық спортымызды насихаттаудың маңыздылығына тоқталып, көкпар ойынына қатысушы шабандоз жігіттерге сәттілік тіледі. Құран оқылып, ауыл тұрғыны Аманжол Елубаев жаппай көкпарға қатысушыларға бата берді. Ауылдың әжелерінен құралған «Тамаша» хоры да қатысушылардың намыстарын қайрап, ән шашу жолдады.

Көкпардың басталуын тағатсыздана күткен сәт те жетіп, дала төсінің шаңын көтерген қызу дода басталды.

Жаппай көкпардың жүлде қоры да аса қомақты. Ақшалай салым 1 млн. теңге. Көкпардың «Өгіз өлді» салымы бір қара мал мен бір жылқы, яғни бір баруы қара мал болса, қайтуы бір жылқы. Көкпардың беташар салымын Көкшетаудан келген Кенжебек палуан мен Ақжар ауданынан келген Алпамыс балуан салды. Сондай-ақ, көкпар додасы қызған кезде әр жерден келген шабандоздардың салымдары да болды.

Өңіріміздегі биылғы жылдың айтулы додасы саналған жаппай көкпарға алыстан ат терлетіп келген атақты балуандар қатары мол екен. Шырайлы Шымкенттен келген көкпаршы 55 жастағы Бейсен аға да салым салды. Білекті жігіттер арасындағы тартысты бәсекеге ел аймағынан 140 шабандоз қатысты. Шабандоз шыңдалатын, сәйгүлік сыналатын додаға Солтүстік Қазақстан облысынан басқа, еліміздің Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Ақмола облыстарынан ат құлағында ойнайтын білекті де жүректі көкпаршылар қатысып, бақ сынады.

Ойынның ерекшелігі сол, кез келген жігіт көкпар тарта алмайды. Себебі, алдымен күш-қайрат, ептілік пен төзімділік керек. Бойында күші болмаса, ат үстінде тұрып жердегі серкені іліп әкету оңай емес.

Көкпаршы ойын алаңына шыққанда, біріншіден, аттың күші, екіншіден, өзінің ептілігімен серкені тақымына басады.

Ойын барысында басты жүлде жылқыны Уәлиханов ауданының шабандозы Арыстанбек Махатов иеленсе, өгізді Ақжар ауданының азаматы Алмас Зайдуллин қанжығасына байлады.

Ойын тартысты әрі қызықты өтті. Барлық салым салынып, шабандоздар жүлдесіз қайтпады. Шабандоздардың өнерін тамашалаған көрермен қол соғып, қолпаштап отырды.

«Ұлттық спортымызды дәріптеп, көкпаршылардың басын қосқан дүбірлі доданың өтуіне мұрындық болып, қолдау көрсеткен Әбдікәрімов Жаслан, Дүсүрүпов Айдар, Антаев Жаслан, Мартысевич Михаил, Мәметхан Серікжан, Қалиақпаров Азамат, Кубигенов Асхат, Жапаров Алмас және мешіт жамағатына алғыс айтамын» - деді сөз кезегі келгенде Арман имам.



Одан басқа, тойға дайындық барысында дода болған орынды дайындап, киіз үй, күркелерді құрып, ас беру, безендіру жұмыстарына басшылық көрсеткен Қасымов Айдос, Смағұлов Сағындық, Кайкенов Әлібек, Ержанов Жанат, Уәлиев Руслан, Искаков Ержан, Мұқажанов Ермек, Күшікпаев Серік, Елубаев Әсет, Гринев Сергей, Искаков Бағдат, Сабыров Серік сияқты намысты қолдан бермес азаматтарды да атап өткен жөн.

Дүбірлі тойды жүргізіп отырған Көкшетау қаласының Үкілі Ыбырай атындағы филармонияның дәстүрлі әншісі Хасенов Сәрсенбай өз кезегінде әнге де кезек беріп, көрермендердің қошеметіне бөленді. Музыка аппаратурасымен қамтамасыз еткен Тайынша аудандық мәдениет үйінің басшысы Самат Тоқсанбайұлы мырзаға рахмет».

Бүгінгі күні елімізде ұлттық спорт әлеуеті даму үстінде. Ұлттық спорт ойыны бұл біздің рухани байлығымыз. Ұлттық спорттың дамуы – рухани байлығымыздың дамығаны деп білеміз. Жүректі шабандоздарымыздың қатары көбейе берсін!

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Атапат партиясының Тайынша аудандық филиалында сегізінші шақырылымдағы мәслихаттың кезекті отырысы өтті. Сессия жұмысына аудан әкімі Берік Әлжанов, жергілікті атқарушы органдардың жетекшілері, ауылдық округтердің әкімдері мен Тайынша қаласының әкімі және облыстық ревизиялық комиссияның мүшесі Ж.Өтегенов қатысты.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының алғашқы сұрағы – 2022 жылы Тайынша ауданы мен Тайынша қаласының бюджетінің, сонымен бірге Абай, Алабота, Амандық, Большеизюм, Донецк, Драгомиров, Зеленогай, Келлер, Киров, Краснополя, Летовочный, Мироновка, Рошинск, Теңдік, Тихоокеан, Чермошнян, Чкалов, Яснополян ауылдық округтері бюджеттерінің атқарылуы туралы аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы Б.Сарсембаев баяндама жасады. Кейін халық қалаулылары Тайынша ауданы мәслихатының 2023-2025 жылдарға арналған ауданның, Тайынша қаласының және ауылдық округтердің бюджеттерін бекіту туралы шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарастырып, 2022 жылғы аудан, Тайынша қаласы және ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер бекітілді.

Сондай-ақ сессия барысында ауданның, Тайынша қаласының және ауылдық округтердің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттерін нақтылау бойынша шешімдер қабылданды. Күн тәртібіне сәйкес қаралған тағы бір сұрақ - аудан бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың 2023 жылға арналған ең аз мөлшерін бекіту төңірегінде болды. Осы ретте кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең аз мөлшері айына бір шаршы метр үшін сомасы 26 (жиырма алты) теңге болып бекітілгенін айта кеткен орынды.

Сөз кезегінде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы М.Потапова Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары тізбесін айқындау, әлеуметтік көмек көрсету және мөлшерлерін белгілеудің Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы ақпаратпен бөлісті. Оның пайымдауынша, мұқтаж адамдардың кейбір санаттарына атаулы күнге әлеуметтік көмек беру көлемін 35 АЕК дейін ұлғайту бөлігінде өзгеріс енгізілген.

Күн тәртібіне сәйкес қаралған соңғы мәселе - Тайынша ауданы әкімдігі жанындағы комиссиялардың дербес құрамдарын бекіту және оларға өзгерістер енгізу туралы болды. Бұл ретте аудан әкімдігі жанындағы комиссиялардың дербес құрамдарында өзгертулер болды.

Халық қалаулыларының қатысуымен өткен сессия барысында барлық қаралған мәселе бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

* * *

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

2023 жылғы 17-19 шілде аралығында Тайынша станциясының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп жатыр.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алудың бір түрі полиция қызметкерлерінің түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз үйлерінен тыс жерде жүрген кәмелетке толмаған балаларды анықтауға бағытталған рейдтік іс-шаралары. Өйткені, осы санаттағы қылмыстардың көпшілігі, жалпы қылмыстар дәл түнде жасалады.

Осы жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде рейдтік іс-шаралар өткізіп, оның нәтижесінде түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде жүрген 1 кәмелетке толмаған жасөспірім анықталды. Осы құқық бұзушылық туралы ҚР ӘҚБтК 442- бабы 2 бөлігімен заңды өкілдеріне (ата-аналарға, қамқоршыларға, қорғаншыларға) ескерту жасауға әкеп соғады. Осы кәмелетке толмаған «Шанс» кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық құқықтық қолдау орталығы мекемесіне орналастырылды.

Жоғарыда аталған кәмелетке толмағанның заекілі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ҚР ӘҚБтК 442 - бабының 2 бөлігі бойынша ескерту түрінде қаулы шығарылады. Осы баптың үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады – 24150 теңге. Бүгінгі күні бір АЕК 3450 теңге құрайды. Сонымен қатар, ата – аналар кәмелетке толмағандардың ойын – сауық орындарында сағат 22.00-ден 06.00 – ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз болуына тыйым салынатынын білуі керек.

«Кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі болып табылмайтын жолаушы поезға отырғызу кезінде баланың заңды өкілінің атынан жазылған сапарда кәмелетке толмаған баланы алып жүру құқығына нотариалды расталған құжатты (сенімхатты) ұсынады.

Баланың заңды өкілінің атынан жазылған сапарда кәмелетке толмаған баланы алып жүру құқығына нотариалды расталған құжатты (сенімхатты) ұсыну жолаушы поезына отырғызу кезінде немесе жол жүру кезінде баланың заңды өкілі жеке өзі қатысқан жағдайда талап етілмейді.

Тайынша ст. ЖПБ Т.С. Байзақова.

**ОТБАСЫНДА АРДАҚТЫ АНА,
ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ**



Әлжан Бақыт Сұлтанқызы 25 шілде 1953 жылы Аман-дық аулында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтағанан кейін 1976 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтын тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша аяқтаған. Ұстаздық еңбек жолын Амандық орта мектебінде тарих пәні мұғалімі болып бастады. Амандық орта мектебінде оқу ісі орынбасары қызметін де қоса атқарды. 1984 жылы Теңдік орта мектебінде тарих пәні мұғалімі, оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген. 1993-2017 жылдары Теңдік орта мектебі директоры қызметін атқарған, жоғары санаттағы тарих пәнінің мұғалімі. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі. Ұ.Алтынсарин төс-белгісінің иегері. Педагогикалық еңбек өтілі 45 жыл. Көп жылдардан бері басқару саласында еңбек етті. Бақыт Сұлтанқызы өз ісіне жауапты, білімді де білікті маман, өзінің іскерлігімен мектепті әркез алға жетеледі. Ізденушілік қабілеті жоғары, жаңалыққа жаны құмар ұстаз. Жүрегі нұрлы жылылық пен асқақ адами құндылықтың қайнарынан нәрленген, ұстаздық қызметі мен құмыр өрнектері жас ұрпақ үшін ізгілік ілімінің көркем көрінісі.

Бақыт Сұлтанқызының басшылығымен ұстаздар қауымы «Жыл мұғалімі», «Жыл сынып жетекшісі» жеңімпаздары атанса, шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық байқауларда, ғылыми практикалық конференцияларда, өнер және спорт сайысында жүлделі орындарды иеленді. Мектепте мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалған. Заман талабына сай жабдықталған физика, химия тағы басқа кабинеттер, мектеп жанындағы «Мерей» шағын орталығы жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруде зор рөл атқарып келеді. Өскемен жас ұрпақтың оқу-тәрбие ісі жолындағы ізденіске толы еңбегі ескеріліп, Бақыт Сұлтанқызы аудандық білім бөлімінің, аудан және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті мол басшы мектеп жетістіктері бойынша өткізілген республикалық байқауда «Таңдаулы ауыл мектебі» атағын жеңіп алды. Бақыт Сұлтанқызы облыстық педагогикалық оқуларда «Мектепті дамыта басқарудың жаңа бағыттары» атты баяндамасын оқып, Білім департаментінің мақтау қағазымен марапатталды. Оқу-тәрбие жұмысындағы ұстаздың еңбегі жоғары бағаланып «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің мақтау қағазымен марапатталды. Педагогика саласына ерекше еңбектерімен үлес қосқаны үшін «Ыбырай Алтынсарин» алқасының иегері атанды. 2014 жылдың қазан айында Астана қаласында өткен ұстаздар күніне арналған салтанатты мәжілісте Бақыт Сұлтанқызы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Ардагер ұстаздың мектептің көркеюіне қосқан еңбегі зор. Қазіргі таңда мектеп өміріне белсенді араласа отырып, жас ұрпаққа тәрбие бойынша дәріс беріп өзінің дара жолын ұрпаққа өнеге етуде. Мектептің қамқоршылық кеңес төрайымы. Міне, осындай жүрген жеріне шуақ шашып, абырой мен жақсы ақыл-ойдың иесі атанып ортамызда жүрген шынымен де, ұлағатты ұстазымыз- Бақыт Сұлтанқызын өзінің еңбек еткен ұжымы қатты құрметтейміз! Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, салқалы салмақты ақыл-ңызбен тәрбиеледіңіз, әрқайсымыз үшін берген ақыл-кеңестеріңізге мың да бір рахмет айтып, шәкірттік және әріптес ретінде ықыласымызды білдіргіміз келеді. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, балаларыңыздың білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасында орындалды.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын. Отбасыңызда қажы атамыз екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қуанышына бөлене беріңіздер. Туған күніңізбен!

Теңдік орта мектебінің ұжымы.

АВТОКӨЛІК КІЛТІ — АЛАҢ ИЕЛЕРІНДЕ

• Ақ бидай – 2023



